

«6D011400 –Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіналу үшін орындалған Исаев Мухтар Сеитханулының «Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШІКІРІ

Қазіргі кезеңде еліміздің жоғары білім беру жүйесі Болон үдерісі идеяларын толығымен қабылдап, өзінің мазмұны мен болашағын айқындауда осы үдеріспен байланысты елеулі өзгерістер енгізуде. Соның бірі – құзыретті маман даярлау. Маманның әдістемелік даярлығы құзыреттің құраушысы болып табылады. Әдістемелік даярлықты жетілдірумен қатар кәсіби құзыреттілікте дамиды. Осы себептен, PhD докторант М.С.Исаевтың ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы қазіргі кезде көкейкесті мәселелердің бірі.

Жоғары оқу орындарында болашақ тарих мұғалімдерін еліміздің болашағын айқындайтын құндылықтарын оқытуға даярлау мәселесіне жете көңіл бөлінбегендігі, кәсіби тарих пәндерін оқытуда «Мәңгілік Ел» құндылықтарының маңыздылығы алға тартылғанымен, болашақ тарих мұғалімдерінің оқу-тәрбие үдерісінде практикалық тұрғыда қолдана алу мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігі анықталды.

Осыларды негізге ала отырып, PhD докторант М.С.Исаев болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі бағытында зерттеу жүргізгендігін, оның докторлық диссертациясы жоғары оқу орындарының сапалы білім беруде қосатын өзіндік үлесі бар екендігін ескерсек, М.С.Исаевтың зерттеу жұмысы қазіргі кезде көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда 15 ғылыми мақала ретінде жарық көрді. Ізденушінің 1 оқу-әдістемелік құралы бар.

«Мәңгілік Ел» құндылықтары және болашақ тарих мұғалімдерін даярлаудың тарихи-әдіснамалық мәселелері» атты бірінші бөлімінде – Тарих мұғалімдерін даярлаудың тарихи-әдіснамалық мәселелерін еталдау жасалынған. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын болашақ тарих мұғалімдеріне оқытудың мүмкіндіктері, негізгі ұғымдар қарастырылған.

«Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарына оқытуға даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты екінші бөлімде – «Мәңгілік Ел» құндылықтарын білім беру жүйесінде оқыту болашақ тарих мұғалімдері кәсіби іс-әрекетінің нысаны болып табылатыны және олардың мазмұны келтірілген. Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынған және оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттары анықталған.

«Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі және тәжірибелік-педагогикалық жұмыс нәтижелері» атты үшінші бөлімінде – тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын

оқытуға даярлаудың әдіс-тәсілдері, құралдары, ұйымдастыру формалары қарастырылған. Жасалынған әдістемелік жүйені қолданудың тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп ұйымдастырылғаны баяндалған.

М.С. Исаевтың зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығын былайша атап көрсетуге болады: зерттеу барысында жоғары оқу орындарында «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесін дамыту болашақ тарих мұғалімдерінің құндылықтық бағдарын және теориялық-әдістемелік білімін қолдану дағдысын қалыптастырады; зерттеу нәтижелері мен қорытындылары, осы бағытта келешекте жүргізілетін ғылыми ізденістерге негіз болады.

PhD докторант Исаев Мухтар Сеитханулының «6D011400 –Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі» атты диссертациялық жұмысы талапқа сай толық зерттеліп, аяқталған. М.С. Исаев «6D011400 –Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты деп есептеймін.

Осыған орай, Исаев Мухтар Сеитханулының «Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі» атты (PhD) докторлық диссертациясын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы «6D010000 – Білім беру» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі Диссертациялық кеңесте қарастыруға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университеті,

п.ғ.д., профессор

